

ҚР Энергетика министрлігінің
Отын-энергетикалық кешен мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес отырысының
№ 12 ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы

2024 жылғы 26 қараша
сағ.15:00

Өткізу форматы: күндізгі/«Zoom» арқылы

Төрағалық еткен: Қоғамдық кеңестің төрағасы Б.К. Әуетаев

Қатысқандар: энергетика вице-министрі Б.Н. Ильяс, Қоғамдық кеңестің мүшелері (*тізім бойынша*), «ҚР ОЭКАТО» АҚ басқарма төрағасы Б.А. Әбдиев, «АЕО» АҚ басқарма төрағасы Ж.Б. Оспанов, Цифрландыру департаментінің директоры А.С. Анисимов, Бюджет және қаржылық рәсімдер департаментінің директоры Д.Д. Кабдушева, Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері (*тізім бойынша*).

1. «Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенінің ахуалдық-талдамалық орталығы» АҚ қызметі туралы

(Б. Әбдиев)

1.1. «ҚР отын-энергетикалық кешенінің ахуалдық-талдамалық орталығы» АҚ басқарма төрағасы Б.А. Әбдиевтің «Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенінің ахуалдық-талдамалық орталығы» АҚ қызметі туралы ақпараты назарға алынсын.

1.2. «ҚР ОЭКАТО» АҚ:

- «ҚР отын-энергетикалық кешенінің ахуалдық-талдамалық орталығы» АҚ және «Атамекен» ҰКП электр энергетикасы бойынша дэшбордтарды интеграциялау мүмкіндігін қарастыру үшін бірлескен кеңесті ұйымдастырсын.

2. Зияткерлік жүйелерді енгізу үшін жалпы бірыңғай техникалық талаптардың болмауы туралы. Елімізде «Энергия интернетін» енгізу бөлігінде «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын әзірлеу мүмкіндігі туралы

(М. Бубенцов)

2.1. «ҚР отын-энергетикалық кешенінің ахуалдық-талдамалық орталығы» АҚ сараптама, жобалау және техникалық реттеу департаментінің директоры М.В. Бубенцовтың зияткерлік жүйелерді енгізу үшін жалпы бірыңғай техникалық талаптардың болмауы туралы, елімізде «Энергия интернетін» енгізу бөлігінде «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын әзірлеу мүмкіндігі туралы ақпараты назарға алынсын.

2.2. Электр энергетикасын дамыту департаменті және Цифрландыру департаменті:

- «ҚР ОЭКАТО» АҚ-мен бірлесіп зияткерлік желілерді енгізу үшін бірыңғай ережелер мен талаптарды әзірлеу мәселесін қарастырсын.

3. «СУНП» мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін есепке алудың ақпараттық жүйесін мемлекеттік меншікке беру туралы

(Ж. Оспанов)

3.1. «Ақпараттық есептеу орталығы» АҚ басқарма төрағасы Ж.Б. Оспановтың «СУНП» мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін есепке алудың ақпараттық жүйесін мемлекеттік меншікке беру туралы ақпараты назарға алынсын.

4. ҚР Энергетика министрлігінің 2023 жылға және 2024 жылдың 3 тоқсанына арналған бюджетін атқару туралы

(Д. Кабдушева)

4.1. Бюджет және қаржылық рәсімдер департаментінің директоры Д.Д. Кабдушеваның ҚР Энергетика министрлігінің 2023 жылға және 2024 жылдың 3 тоқсанына арналған бюджетін атқару туралы ақпараты назарға алынсын.

5. Әртүрлі

(Е. Кожмамбет)

5.1. Салалық департаменттер:

- жаңа технологияларды енгізу, қызметкерлердің біліктілігін арттыру, сондай-ақ деректерді талдамалық өңдеу және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің стратегиялық жобаларын іске асыру жөніндегі міндеттерді тиімді орындау мақсатында техникалық базаны жаңғыртуды қамтамасыз ету үшін «ҚР ОЭКАТО» АҚ талдамалық дата-орталығын қаржыландыруды ұлғайту ұсынылсын.


5.2. «ҚР ОЭКАТО» АҚ:

- инновациялар саласындағы орталықтың мәртебесін нығайту, мемлекеттік және жеке гранттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету, ғылыми ынтымақтастық үшін мүмкіндіктерді кеңейту, сондай-ақ талдамалық және ғылыми қызметтер нарығында бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (ҒЗТҚЖ) орындауға аккредиттеуден өтуді қарастырсын;

- Қоғамдық кеңес мүшелерін ғылыми-техникалық қызмет (ҒТҚ) жұмысының ашықтығы мен тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету үшін ғылыми-техникалық қызмет кеңесінің құрамына қарастырсын;


- ҚР ОЭКАТО» АҚ талдау орталығына Қазақстанның энергетикасы туралы ағымдағы ақпаратты ұсыну бойынша қызметтерді ғана емес,, сонымен қатар ғылыми сарапшыларды тарта отырып, толыққанды бас орталығына Қазақстанның ұлттық компаниялары бағдарлай алатын өз есептерін (баяндамаларын) дайындауға күш салуды ұсынсын.

**Қоғамдық
кеңестің төрағасы**



Б. Өуетаев

**Қоғамдық
кеңестің хатшысы**



Ф. Төлеген